

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 2005 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 191 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 маусымдағы № 353 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.06.2017 № 353 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шетелдік ұйымдардың алдындағы берешектердің проблемасын шешу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 2005 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 58, 572-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

Шетелдік ұйымдардың алдындағы берешек мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына

Исекешев - Қазақстан Республикасының
Әсет Өрентайұлы Индустрия және сауда
вице-министрі
енгізілсін;

көрсетілген құрамнан Әмрин Ғұсман Кәрімұлы шығарылсын;

Шетелдік ұйымдардың алдындағы берешек мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

1-бөлімде "Қазақстан Республикасының "Шетелдік инвестициялар туралы", "Мемлекеттік және мемлекет кепілдендірген қарыз алу және борыш туралы" заңдарына" деген сөздер "Бюджет кодексіне, "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-бөлімнің бірінші абзацында "айына кемінде бір рет" деген сөздер "қажеттілігіне орай" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң